

«О.Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ

Анықтама

Мектеп парламенті-оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы туралы.

Мектеп парламенті-оқушылардың белсенділігін арттыруға, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, мектеп өміріне араласуын қамтамасыз етуге бағытталған оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы.

Ұраны: “Көшбасшылық-жауапкершіліктен басталады!”

Мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі басқару қызметін дамыту, қоғамдық белсенділігін қалыптастыру, мектеп өміріне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Оқушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Мектептегі тәрбие жұмыстарына белсенді қатыстыру;
- Көшбасшылық қасиеттерді дамыту;
- Қоғамдық, мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру;
- Оқушылар арасында ұйымшылдық пен жауапкершілікті қалыптастыру.

Құрамы: Мектеп парламентінің құрамына:

- Президент
- Вице-президент
- Фракция жетекшілері
- Белсенді оқушылар
- Сынып көшбасшылары

Жұмыс бағыттары:

Мектеп парламенті төмендегі бағыттар бойынша жұмыс атқарады;

Президент

Мектеп парламентінің жұмысын үйлестіреді, оқушылардың ұсыныстары мен бастамаларын қолдайды, мектеп әкімшілігімен байланыс жасайды, парламент отырыстарын жүргізеді.

Вице-президент

Президенттің жұмысын қолдайды, парламент мүшелерінің қызметін қадағалайды, іс-шараларды ұйымдастыруға көмектеседі.

Ақпарат фракциясы

Мектеп жаңалықтарын насихаттайды, әлеуметтік желілер мен ақпараттық бұрыштардың жұмысын жүргізеді, хабарландырулар мен ақпараттық материалдар дайындайды.

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы

Оқушылар арасында достық қарым-қатынас, психологиялық қолдау, мейірімділік пен адамгершілік құндылықтарды насихаттайды, тренингтер мен акциялар ұйымдастырады.

Құқық және тәртіп фракциясы

Мектептегі тәртіпті қадағалайды, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізеді, қауіпсіздік ережелерін насихаттайды.

Дебат фракциясы

Пікірсайыс мәдениетін дамытады, дебат турнирлері мен зияткерлік сайыстар ұйымдастырады, оқушылардың еркін сөйлеу қабілеттерін қалыптастырады.

Қаржы фракциясы

Мектепшілік жәрмеңкелер, қайырымдылық шаралары мен жобаларды ұйымдастыруға атсалысады, қаржылық сауаттылықты насихаттайды.

Мәдениет және өнер фракциясы

Мерекелік кештер, концерттер, байқаулар ұйымдастырады, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға қолдау көрсетеді.

Экология және еңбек фракциясы

Тазалық жұмыстарын, сенбіліктер мен көгалдандыру акцияларын ұйымдастырады, экологиялық мәдениетті қалыптастырады.

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы

Спорттық жарыстар, денсаулық күндері мен акциялар өткізеді, салауатты өмір салтын насихаттайды.

Қорытынды

Мектеп парламенті оқушылардың өзін-өзі басқару мәдениетін қалыптастырып, мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.